

## Уран өнімінің экспорты туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 наурыздағы N 261 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы  
N 778 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 778  
Қаулысымен.**

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ) "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ пен "ТВЭЛ" ашық акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) арасындағы 2000 жылғы 17 қарашадағы N 18 ұзақ мерзімді келісім-шарттың талаптарына сәйкес 235-уранның изотопы бойынша 3,0% + 0,05%

б а й ы т ы л ғ а н

- 4004 кг U мөлшеріндегі отындық таблеткалардың (СЭҚ ТН коды 2844 20 290) экспортына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ-қа осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімін Қазақстан Республикасынан экспорттауға л и ц е н з и я б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімді кедендік бақылауды және кедендік р е с і м д е у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі к о м и т е т і н е ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

